

	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ «Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	МУ 017-1.33-2017
		<p>Мерзімі 02.03.2021</p>
<p><u>Әдістемелік нұсқаулар</u> нормативтік құжат түрі</p>		

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯЛАР ЖАЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Алматы
2021

АЛҒЫСӨЗ

1. ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім
беру ғылыми-зерттеу орталығы

2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

ҚР МСМ «Т.Қ.Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
Оқу-әдістемелік кеңесі
« 02 » 03 2021ж. № 4 хаттама

3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

№ 2 редакция

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Магистрлік диссертацияның құрылымына қойылатын талаптар	5
3	Аңдатпа құрылымына қойылатын талаптар	7
4	Магистрлік диссертацияны рәсімдеудің талаптары	8
4.1	Жалпы талаптар	8
4.2	Магистрлік диссертацияның құрылымы	8
4.3	Магистрлік диссертацияның беттерін нөмірлеу	9
4.4	Магистрлік диссертацияның тараулары мен тараушаларын, тармақтары мен тармақшаларын нөмірлеу	9
4.5	Көрнекіліктер	10
4.6	Кестелер	10
4.7	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	11
4.8	Қосымша	11
5	Магистрлік диссертацияны қорғауға ұсыну	12
6	Магистрлік диссертацияны қорғау тәртібі	13
7	Қосымша	15

1 Жалпы ережелер

1.1 «Магистр» дәрежесін алуға ұсынылған диссертация бітірушінің дайындығын, оның шығармашылық қабілеті мен ғылыми мәселелерді шешу дәрежесін айқындайтын, ғылымның нақты бір бағыты бойынша дайындалған білікті ғылыми жұмыс болуы тиіс.

1.2 Магистрлік диссертацияларға жетекшілікті даярлық бағытының тиісті бейініне сәйкес келетін «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» ғылыми дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» академиялық дәрежесі немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index в Web of Science Core базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus деректер базасында Citescore бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушылар жүзеге асырады.

1.3 Магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшісі:

- магистрлік диссертацияны орындауға байланысты тапсырмалар береді;
- магистрлік диссертацияны орындаудың барлық мерзімін қамтитын күнтізбелік кестені құру ісінде магистрантқа көмек көрсетеді;
- магистрантқа тақырыпқа байланысты негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағат материалдарын, типтік жобалар мен өзге де дереккөздерді ұсынады;
- кеңес беру кестесін жасайды; кеңес барысында магистранттың магистрлік диссертацияны орындауда күнтізбелік кестенің ережелерін сақтау деңгейін бақылайды.
- магистрлік диссертация тарауларының жалпы көлемін анықтап, магистрант жұмысына бағдар береді.

1.4 Магистрлік диссертация заманауи әдіснамалық, теориялық және технологиялық ғылыми-практикалық жетістіктерге сүйене отырып, әлемдегі ақпараттық-коммуникациялық дәуір талаптарына сай болуы тиіс. Зерттеу жұмыстары ғылым мен технологияның тиісті саласындағы заманауи әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылып, қорғауға ұсынылған негізгі талаптар ғылыми-зерттеу тармақтарынан (әдістемелік, практикалық) құралып, ғылымның тиісті саласы бойынша озық халықаралық тәжірибеге негізделіп, нақты практикалық ұсыныстардан тұруы тиіс.

1.5 Магистрлік диссертацияның тақырыбы академияның Ғылыми Кеңесінде қаралып, Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА ректорының бұйрығымен

бекітіледі. Зерттеу тақырыбы білім беру бағдарламасы бойынша ғылымның қазіргі ахуалына және бітіртуші кафедралардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес өзекті болуы тиіс.

1.6 Магистратураның ғылыми-педагогикалық бағытында магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері кемінде екі жарияланымда (бейіндік бағытында кемінде бір жарияланымда): ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің негізгі ғылыми нәтижелерді жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесінде және ғылыми-практикалық конференцияда баяндалуы тиіс (ЖОО ұсынымы бойынша ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын негізгі ғылыми нәтижелерді жариялау үшін басылымдар тізбесіне кіретін басылымдарды қайта аттестаттау жағдайында аттестаттау комиссиясы халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы екі ғылыми жарияланымды есептейді). Жарияланымдарға халықаралық конференциялардың, симпозиумдардың, кеңестердің тезистері, шолу ақпараттық баяндамалар, талдамалық шолулар, көлемі кемінде 0,3 б.т. ақпараттық парақшалар және патенттер теңестірілуі мүмкін.

2 Магистрлік диссертацияның құрылымына қойылатын талаптар

2.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтеріне:

- мұқаба парағы (нөмірленбейді, А қосымшасы);
- мазмұны (Б қосымшасы);
- нормативті сілтемелер;
- анықтамалар, атаулар мен қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- тұжырымдар және қорытынды;
- қолданылған әдебиеттер тізімі (В қосымшасы);
- қосымша жатады.

2.2 Диссертацияның мұқаба парағы диссертацияның бірінші парағы болып табылады және құжатты өңдеуге және іздеуге қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді. Мұқаба парағы диссертацияның жалпы парақ нөмірлеуіне кіреді. Мұқаба парағына парақ нөмері қойылмайды. Мұқаба парағы А қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

2.3 Диссертацияның мазмұнында кіріспе, барлық тарауларының, тараушалары мен тармақтарының атаулары мен оның тізбекті нөмірлері, бөлімшелері (егер оның атауы болса), қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалары нөмірі белгіленіп көрсетіледі. Магистрлік диссертацияның мазмұны Б Қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

2.4 «Нормативті сілтемелер» атты құрылымдық элементте диссертацияның мәтініндегі сілтемелер көрсетіліп, стандарттар тізімі кездеседі. Сілтемелер стандартының тізімі мына сөзден басталады: «Бұл диссертацияда келесі стандарттардың сілтемелері қолданылған». Тізімде стандарттардың

атаулары мен олардың атаулары белгілердің тіркеу нөмірлерінің өсу тізбегімен беріледі.

2.5 «Анықтамалар» атты құрылымдық элементте магистрлік диссертацияда қолданылған терминдерді айқындап алуға анықтамалар көрсетіледі. Анықтамалардың тізімін келесі сөзден бастайды: «Бұл магистрлік диссертацияда келесі терминдер анықтамаларымен бірге қолданылады».

2.6 «Атаулар мен қысқартулар» атты құрылымдық элементте магистрлік диссертацияда қолданылған атаулар мен қысқартулардың тізімі көрсетіледі. Атаулар мен қысқартулар диссертацияның мәтінінде кездескен тәртіп бойынша қажетті толық атауымен түсіндіріліп жазылады. Анықтамалар, атаулар мен қысқартуларды «Анықтамалар, атаулар мен қысқартулар» атты құрылымдық элементте біріктіріп көрсетуге болады.

2.7 Кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі, тақырыптың және мәселенің ғылыми өңделу дәрежесін талдау ғылыми жаңалық элементтері, тәжірибелік маңыздылығы, қорғауға шығарылатын негізгі жайттар, зерттеу нәтижелерінің апробациясы, жұмыстың құрылымы көрсетілуі тиіс.

2.8 Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістері мен негізгі нәтижелерін танытатын мәліметтер көрсетілуі керек.

2.9 Негізгі бөлімнің құрамына:

– зерттеу бағытын анықтау және оны негіздеу, міндеттерді шешу әдістері және олардың салыстырмалы бағалануы, жұмысты жүргізудің жалпы әдістемесінің сипаттамасы, демек тиісті ғылыми бағыттың қазіргі теориясын таңдауда теориялық негіздемелерді талдау, жинақтау немесе зерттеудің ұстанымдары мен әдістерін интеграциялайтын әдіснама;

– құрамындағы теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын анықтау, зерттеу, есептеу әдістерін, эксперименттік жұмысты жүргізудің қажеттілігін анықтау, әзірленген объектілердің іс-әрекет принциптері мен олардың сипаттамаларынан тұратын теориялық және/немесе/ эксперименттік зерттеу үдерісі;

– зерттеудің нәтижелерін жалпылау және бағалау, демек, қойылған міндеттердің толық шешімін анықтауды бағалау және жұмыстың болашақ бағыты бойынша ұсыныстар беру, алынған нәтижелердің дәлелділігін бағалау және оларды отандық және шетелдік ұқсас нәтижелермен салыстыру;

– әрбір тарау, тармақ бойынша қорытынды енеді.

2.10 Қорытынды құрамына:

– диссертациялық зерттеудің нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды жасау;

– қойылған міндеттер шешімдерінің толықтығын бағалау;

– нәтижелерді нақты қолданысқа енгізу бойынша ұсыныстар мен бастапқы мәліметтерді жасау;

– тақырыптың немесе мәселенің одан әрі дамуының мүмкін парадигмасын анықтау;

– осы саладағы үздік жетістіктермен салыстырғанда орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін бағалау енеді.

2.11 Қолданылған дереккөздер тізімінде диссертацияны жазуда қолданылған әдебиеттер көрсетілуі қажет. Тізім В қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

2.12 Қосымшаға диссертациялық жұмыстың орындалуына байланысты, белгілі бір себептермен негізгі бөлімде көрсетілмей қалған материалдарды қосу ұсынылады.

Қосымшада:

- қосалқы сандық деректер кестелері;
- сынақ есептері;
- эксперименттер жүргізу кезінде қолданылатын аппаратуралар мен аспаптардың сипаттамасы;
- компьютерлік техниканың көмегімен шешілетін, диссертациялық жұмысты орындау барысында әзірленген алгоритмдердің нұсқаулықтары, әдістемелері, сипаттамалары;
- көмекші сипаттағы иллюстрациялар (фотосуреттер);
- диссертациялық жұмыстың нәтижелерін енгізу актілері және т.б. көрсетілуі мүмкін.

3 Аңдатпа құрылымына қойылатын талаптар

3.1 Магистрлік диссертацияның мазмұны бойынша магистрант 15 беттен тұратын реферат жазады. Рефератқа түйіндеме кіреді. Түйіндеме қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде рәсімделеді (қажет болған жағдайда рефератты басқа шетел тілінде жазуға жол беріледі) және диссертант қолы қойылады. Реферат А5 форматына сәйкес келуі керек (Г қосымшасы).

3.2 Магистрлік диссертацияның аңдатпасы төмендегі мәліметтерден тұрады:

- зерттеу өзектілігі;
- зерттеу мақсаты мен міндеттері;
- зерттеу нысаны мен пәні;
- зерттеу әдістері;
- алынған нәтижелер, олардың жаңалығы, ғылыми және практикалық маңыздылығы;
- диссертацияның көлемі мен құрылымы;
- көрнекіліктер, кесте (бар болған жағдайда), қолданылған әдебиеттер тізімі;
- кілт сөздер тізімі (5-6 сөз);
- жарияланымдар туралы мәлімет.

4 Магистрлік диссертацияны рәсімдеу талаптары

4.1 Жалпы талаптар

4.1.1 Магистрлік диссертация мәтінінің мазмұны осы Ереженің талаптарына сәйкес орындалады. Магистрлік диссертацияның беттері және оған енгізілген көрнекіліктер және кестелер А4 форматына сәйкес келуі тиіс.

4.1.2 Магистрлік диссертация А4 форматындағы ақ қағаздың бір жағына рәсімделуі керек, бұл ретте мынадай шаблондар қолданылуы тиіс: қарпі – Times New Roman немесе Times New Roman KZ, қаріптің түсі қара болуы тиіс, кгель 14, пішіні әдеттегідей, жолақтардың өлшемі – сол жағы – 30 мм, оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, төменгі жағы – 20 мм.

4.1.3 Магистрлік диссертацияның көлемі, қосымшалар көрсетілген бетті санамағанда, 60-80 бетті құрауы керек, жекелеген топтар бойынша диссертация көлемі қосымшасыз 100 бетке дейін жетуі мүмкін.

4.1.4 Түрлі қаріп гарнитураларын қолдана отырып, белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға екпін түсіретін компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалануға рұқсат етіледі.

4.1.5 Диссертацияны орындау тәсіліне қарамастан, басылған мәтіннің сапасы және иллюстрацияларды, кестелерді, басып шығарылған мәтінді ресімдеу оларды нақты шығару талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

4.1.6 Диссертацияны орындау кезінде бүкіл диссертация бойынша суреттің біркелкілігін, контрастын және айқындылығын сақтау қажет. Диссертацияда сызықтар, әріптер, сандар мен белгілер анық болуы керек.

4.1.7 Диссертацияны дайындау барысында табылған жаңылыс жазуларды және графикалық дәлсіздіктерді тазарту немесе ақ бояумен бояу және сол жерде түзетілген мәтінді (графиканы) машинамен жазу тәсілімен немесе қара сиямен, пастамен немесе қара тушьты қолданып қолмен жазу тәсілімен түзетуге жол беріледі.

Мәтіндік парақтардың бүлінуіне, бұрынғы мәтіннің (графиктің) толық жойылмаған жерлері мен іздеріне жол берілмейді.

4.1.8 Фамилия, мекеме, ұйым, фирма, атауы, баспа атауы және басқа да жалқы есімдер диссертацияға түпнұсқа тілінде беріледі.

4.1.9 Түпнұсқадағы атауын қоса бере отырып (бірінші аталған кезде), жалқы есімдерді транслитерациялауға және ұйым атауын диссертация тілінде аударма түрінде келтіруге жол беріледі.

4.2 Магистрлік диссертация құрылымы

4.2.1 Магистрлік диссертациядағы құрылымдық элементтердің атауы: «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілер және қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» диссертациядағы құрылымдық элементтердің тақырыбы болады.

4.2.2 Құрылымдық элементтердің тақырыптарын бас әріптермен азат жол басында нүктесіз бос жер қалдыра отырып басқан жөн.

4.2.3 Тараулардың, тараушалардың және тармақтардың тақырыптарын азат жол басынан бос жер қалдыра отырып, соңында нүктесіз, ешқандай сызықсыз, бас әріптермен басқан жөн. Егер тақырып екі сөйлемнен тұратын болса, оларды нүктемен айырады. Тақырыптарда сөздерді тасымалдауға жол берілмейді.

4.2.4 Магистрлік диссертацияны басу кезінде тақырыптарды «қою» қаріппен бөліп көрсету керек.

4.2.5 Мәтін мен құрылымдық элементтердің, тараулардың, тараушалардың және тармақтардың арасына «бос жолақ» қалдырылады.

4.3 Магистрлік диссертация беттерін нөмірлеу

4.3.1 Магистрлік диссертация беттерін араб цифрымен (кгель 12), барлық диссертация мәтіні бойынша алмаспайтын нөмірді сақтай отырып нөмірлеу керек. **Бет нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.**

4.3.2 Титулдық бет жалпы бетті нөмірлеуде қамтылады. Титулдық беттегі бет нөмірі қойылмайды.

4.3.3 Жекелеген беттерде орналастырылған көрнекіліктер және кестелер диссертация беттерін жалпы нөмірлеуде қамтылады.

4.3.4 А3 форматы бетіндегі көрнекіліктер, кестелер бір бет болып саналады.

4.4 Магистрлік диссертация тарауларын, тараушаларын, тармақтарын, тармақшаларын нөмірлеу

4.4.1 Барлық құжаттар бойында магистрлік диссертация тараулары нүктесіз және азат жол басынан бос жер қалдырылған араб цифры арқылы ретті нөмірлермен белгіленеді. Тараушалар әрбір тараудың шегінде нөмірленуі керек. **Тарауша нөмірі тарау және тарауша нөмірінен тұрады, олар нүктемен бөлінеді. Тарауша нөмірінің соңынан нүкте қойылмайды.** Тараулар да, тараушалар да бір немесе бірнеше тармақтардан тұруы мүмкін.

4.4.2 Егер құжатта тарауша болмаса, ондағы тармақ нөмірі әрбір тараудың шегінде болуы керек және тармақ нөмірі нүктемен бөлінген тарау және тармақ нөмірінен тұру қажет. Тармақ нөмірінің соңынан нүкте қойылмайды. Егер құжатта тарауша болса, тармақтың нөмірі тараушаның шегінде болуы керек және тармақ нөмірі нүктемен бөлінген тарау, тарауша және тармақ нөмірінен тұру қажет.

4.4.3 Егер мәтін тек тармақтарға бөлінетін болса, олар барлық магистрлік диссертация жұмыс шегінде ретті нөмірлермен нөмірленеді.

4.4.4 Қажет болған жағдайда тармақтар тармақшаларға бөлінуі мүмкін, олар әрбір тармақтың шегінде ретті нөмірлермен белгіленеді, мәселен, 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.б.

4.4.5 Магистрлік диссертацияның әрбір құрылымдық элементін жаңа парақтан (беттен) бастаған дұрыс.

4.4.6 Магистрлік диссертация құрамына кіретін беттердің және қосымшалардың нөмерлері алмаспайтын болуы керек.

4.5 Көрнекіліктер

4.5.1 Көрнекіліктер (сызбалар, карталар, графиктер, диаграммалар, фотосуреттер) мәтінде суретпен аталады. Магистрлік диссертация мәтінде оларды тікелей бірінші сөз болғаннан кейін немесе келесі бетке орналастыру қажет. Көрнекіліктер компьютермен, соның ішінде түрлі түсті боямен орындалуы мүмкін. Барлық көрнекіліктерге диссертацияда сілтеме берілуі керек. Әрбір көрнекілік үшін суретасты қолтаңба келтіріледі.

4.5.2 Әрбір суретасты қолтаңба сурет нөмірінен басталады, айталық, «1-сурет». Одан әрі тырнақшасыз суреттің атауын беру керек. Егер сурет біреу ғана болса, тек «Сурет» сөзімен белгіленеді. «Сурет» сөзі және оның атауы азат жол басынан бос жер қалдырылмай (кегль 12) жолдың ортасына орналастырылады. Көрнекіліктер нөмірі магистрлік диссертация шегінде алмаспайды (араб цифрымен). Мәтінде әрбір көрнекілікке сілтеме міндетті түрде қойылады. Көрнекіліктерге сілтеме жасау кезінде «Сурет 2 сәйкес ...» түрінде жазылуы тиіс.

4.6 Кестелер

4.6.1 Ереже бойынша сандық материал кесте түрінде рәсімделеді. Кестелерді рәсімдеудің үлгісі Сурет 1 келтірілген.

4.6.2 Кестені тасымалдау кезінде тақырып бағанасынан кейін бағана нөмірін көрсете отырып, жолақ қосу керек. Кестенің жалғасында бағананың атауы тасымалданбайды, алайда бағана нөмірі көрсетіледі.

4.6.3 Диссертацияда барлық кестелердің сілтемесі болуы керек. Сілтеме жасауда нөмірін көрсете отырып, «кесте» деп жазу қажет.

4.6.4 Саны жағынан көп жолақты кестені басқа параққа (бетке) тасымалдауға жол беріледі. Кестенің бір бөлігін басқа параққа (бетке) тасымалдау кезінде «Кесте» (кегль 12) сөзін және оның нөмірін кестенің бірінші бөлігінің оң жағына бір рет көрсетеді, ал басқа бөлігіне «Жалғасы» сөзін жазып, кесте нөмірін көрсетеді, мысалы, «1-кесте жалғасы». Кестені басқа параққа (бетке) тасымалдау кезінде тақырыбы тек бірінші бөлігінің астына қойылады.

4.6.5 Қосымшадағы кестелерден басқа кестелерді алмаспайтын нөмірмен араб цифры арқылы нөмірлеу қажет.

Телеарналар аудиториясын қамту

Канал	қамтылуы % көрсеткішпен
1– й канал Евразия	65,53
КТК	64,08
31 канал	62,80
НТК	61,19
Седьмой Канал	56,24
Astana TV	46,44
МИР	45,97
Qazaqstan	42,50

1-сурет – Кестені рәсімдеу үлгісі

4.6.6 Кестенің бағандары мен жолақтарының тақырыптарын жекеше түрде, бас әріптермен (кегль 12) жазу керек, ал егер бағаналардың тақырыпшалары бір сөйлемді тақырыптан болса кіші әріптермен немесе егер өзіндік мағынаға ие болса бас әріппен жазу керек. Кестенің тақырыбы мен тақырыпшаларының соңынан нүкте қойылмайды.

4.7 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

4.7.1 Диссертацияны жазу барысында дереккөздерге сілтеме жасалу керек.

4.7.2 Дереккөздер туралы мәліметтерді диссертация мәтінінде дереккөзге сілтеме жасалу реті бойынша орналастырып, араб цифрымен нөмірлеу керек және азат жол басынан бос жер қалдырмай басу керек.

4.7.3 Пайдаланылған әдебиеттер сілтемесін тік жақшаға алу керек [5, 76]. Бір дереккөзге бірнеше рет сілтеме жасау кезінде дереккөздің реттік нөмірмен бірге сәйкес беті беріледі. БАҚ-тан ақпарат пайдаланылған жағдайда тік жақшада тек дереккөз нөмірі ғана көрсетіледі.

4.7.4 Стандарттар мен техникалық талаптарға сілтеме жасауда олардың тек белгісі ғана көрсетіледі, бұл ретте, егер пайдаланылған әдебиеттер тізімінде стандарттың толық сипаттамасы берілген жағдайда олардың бекітілген жылын көрсетпеуге рұқсат етіледі.

4.7.4 Пайдаланылған әдебиеттер қатарында электронды дереккөздер, интернет ресурстары қолданылған жағдайда, пайдаланылған әдебиеттер тізімінде ол деректердің интернеттегі адресі толық көрсетіледі. Ресурсқа кірген кездегі мерзімі де көрсетілуі тиіс.

4.8 Қосымша

4.8.1 Қосымша берілген магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде рәсімделеді.

4.8.2 Диссертация мәтінінде барлық қосымшаларға сілтеме берілуі тиіс. Қосымша диссертация мәтінінде берілген сілтемелер бойынша орналасады.

4.8.3 Әрбір қосымша әр парақтың жоғары бұрышында «Қосымша» деп жазылған жаңа беттен басталады..

4.8.4 Қосымшаның мәтінге қатысты жеке жолдан бас әріппен жазылған тақырыбы болуы тиіс.

4.8.5 Қосымша үлкен әріптермен орыс алфавитінің Ё, З, Й, О, Ч, Ъ, Ы, Ь дыбыстарынан басқа алфавиттік жүйеде белгіленеді. «Қосымша» сөзінен кейін оның ретін білдіретін әріп жазылады..

4.8.6 Қосымша жалпы құжаттың жалғасы ретінде нөмірленеді.

5 Магистрлік диссертацияның қорғауға ұсынылуы

5.1 Магистрант қорытынды аттестаттауға рұқсатнама алу үшін бітіртуші кафедрада магистрлік диссертацияны алдын-ала қорғаудан өтеді. Қорғауға ұсыну туралы шешімді кафедра шығарады (кафедра мәжілісі хаттамасынан көшірме).

5.2 Магистрлік диссертацияға бітіртуші кафедра ұсынуымен ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесі бар ресми сыртқы рецензент тағайындалады.

5.3 Магистрлік диссертацияның ресми сыртқы рецензенті қорғалатын диссертацияның саласы бойынша негізгі жарияланымдары (3 жұмыстан кем емес), ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі және жұмыс орны көрсетіліп, бітіртуші кафедраның шешімі негізінде ҚазҰӨА ректоры бұйрығымен бекітіледі.

5.4 Рецензенттің пікіріне қойылатын талаптар:

5.4.1 жұмыстың өзектілігінің сипаттамасы;

5.4.2 магистранттың ғылыми зерттеу әдістерін қолдану іскерлігін талдау;

5.4.3 магистранттың қорытындылары мен ұсынымдарының негізділік дәрежесі;

5.4.4 магистранттың алған нәтижелерінің нақтылығын талдау;

5.4.5 жұмыстың жаңалығы мен практикалық маңыздылығын талдау;

5.4.6 диссертацияның кемшіліктерін талдау (Д қосымшасы).

5.5 Ресми сыртқы рецензенттің сын пікірінде күні көрсетіліп рецензенттің қолы қойылған болуы керек. Рецензенттің қолы жұмыс жасайтын ұйымның кадр бөлімінің басшысымен және мөрімен расталады.

5.6. Магистрлік диссертация алдын-ала қорғаудан кейін бітіртуші кафедрада ректордың бұйрығымен құрылған эксперттік комиссияның тексеруінен өтеді.

5.7 ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығына сәйкес, магистрлік диссертациялар (жобалар) мәтінді пайдалану және басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны (парафраз) өзгертусіз сөйлемдердің және пікірлердің синонимдік ауыстырумен бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексеруден өтеді.

5.8 Эксперттік комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының құрамына кірмейтін, соңғы 5 жылда отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда қорғалатын диссертацияның бейіні бойынша екі немесе одан да көп жарияланымдармен расталған бейіні бойынша білімі бар кемінде үш маман кіруі тиіс. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір сараптау комиссиясын құруға жол беріледі.

5.9 Магистрлік диссертацияны қорғаудан 1 ай бұрын Эксперттік комиссияға төмендегідей құжаттар ұсынылады:

- аяқталған магистрлік диссертация;
- диссертация тақырыбының бекітілуі туралы бұйрық;
- транскрипт;
- магистрлік диссертацияның аңдатпасы;
- белгіленген тәртіппен куәландырылған ғылыми еңбектер тізімі және жарияланымдарының көшірмесі (Е қосымшасы).

5.10 Эксперттік комиссияның негізделген жазбаша қорытындысы көрсетілген форма бойынша шешімдердің біреуін ұсынады:

- 1) диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыну;
- 2) белгіленген мерзімде ескертулер жойылған жағдайда диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыну;
- 3) диссертацияны қорғауға ұсынбау (Ж қосымшасы).

5.11 Ғылыми жетекшінің және рецензенттің жазбаша пікірлері болмаған жағдайда магистрант диссертацияны қорғауға жіберілмейді.

6 Магистрлік диссертацияны қорғау тәртібі

6.1 Магистрлік диссертацияны қорғау тиісті білім беру бағдарламасы бойынша Т.Қ.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-да құрылған аттестаттау комиссиясы тарапымен жүзеге асырылады. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында оқыту кезінде білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы бойынша магистрлік диссертацияларды толық немесе ішінара қашықтықтан қорғауды ұйымдастыру көзделеді.

6.2 Магистрлік диссертацияны қорғау АК отырысы төрағасының басшылығымен өткізіледі.

6.3 Аттестаттау комиссиясына эксперттік комиссияның қорытындысы негізінде магистрлік диссертацияны қорғауға келесі құжаттардың тізімі ұсынылады:

- ғылыми жетекшінің пікірі (3 қосымшасы);
- ресми сыртқы рецензенттің магистрлік диссертацияға пікірі;
- бөтен мәтінді пайдалануды анықтау жүйесіндегі ғылыми жұмысты тексеру нәтижелері бойынша анықтама (УМFTCO және Strike Plagiarism).

6.4 Аттестаттау комиссиясына орындалған магистрлік диссертацияның ғылыми және тәжірибелік құндылығын сипаттайтын басқа да материалдар, яғни ғылыми зерттеудің қорытындысы бойынша енгізілген АКТ немесе

анықтама, макеттер, магистрлік диссертацияның саласы бойынша тәжірибелік құжаттар, ұйымның жазбаша қорытындысы, ресми емес рецензенттердің пікірлері т.б. ұсынылуы мүмкін.

6.5 Магистрлік диссертация кемінде 2-3 мүшеден кем емес аттестаттау комиссиясының ашық отырысында қорғалады.

6.6 Магистрлік диссертацияны қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі. Қорғауға күніне 6-8 магистрант жіберіледі.

6.7 Ғылыми жетекшінің магистрлік диссертациясын қорғау жөніндегі аттестаттау комиссиясының отырысына қатысуы және сөз сөйлеуі қатаң міндетті.

6.8 Магистрант кемінде 15 минут зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттерін, ең негізгі бөлігін, қорғауға ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстары жөнінде қысқа нұсқа түрде баяндауы тиіс.

6.9 Магистрлік диссертацияны бағалауда төмендегілер қаралуы тиіс:

- тақырыптың өзектілігі;
- алынған нәтиженің жаңалығы;
- жұмыста жаңа технологиялардың қолданылуы;
- қолданылған дерекөздері мен әдеби шолудың өзектілігі;
- рәсімдеуге қойылған талаптарға сәйкестілігі;
- диссертацияны қорғаудағы баяндаманың сапасы (нақтылығы, сауаттылығы, кәсіби терминдерді пайдалана алуы, көрнекілік материалдардың сапасы және т.б.);

- қорғау кезінде қойылған сұрақтарға және рецензенттің ескертуіне толық және дұрыс жауап беруі.

6.10 Әрбір магистрантқа аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы жасалады және бекітілген үлгіде хатшы тарапынан толтырылады.

6.11 Аттестаттау комиссиясының отырысы хаттамаларының бланкілері аттестаттау комиссиясы жұмысының басталуына дейін магистранттардың қорытынды аттестациясының әртүрі бойынша жекеленген кітаптармен мөрленіп, нөмірленіп, тігілуі тиіс.

6.12 Магистрлік диссертациялық жұмысты қорғауды бағалау, дәрежені тағайындау туралы және дипломды беру туралы шешім аттестаттау комиссиясының жабық отырысында қатысқан комиссия мүшелерінің көп дауыс беруі арқылы қабылданады.

6.13 Хаттамаларға отырысқа қатысқан қорытынды аттестаттау мүшелері мен төраға қол қояды.

6.14 Диссертациялық жұмыстың қорытындысы өткізілген күні хабарланады.

6.15 Диссертациялық жұмысты қорғау нәтижесі бойынша «магистр» дәрежесі берілетіндігі туралы шешім қабылданады.

6.16 Көпшілік алдында магистрлік диссертацияны қорғаған магистрантқа білім беру бағдарламасына сәйкес «өнертану ғылымдарының магистрі» дәрежесі және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру дипломы қосымшасымен (транскрипт) бірге беріледі.

Магистрлік диссертацияның мұқабала парағын рәсімдеу үлгісі

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

ӘОЖ

Қолжазба құқығында

Қорғауға жіберілді:
Кафедра меңгерушісі «_____»

_____ аты-жөні

(қолы)

«___» _____ 20__ г.

ЗАМАНАУИ ҚОЙЫЛЫМДЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**7М02193 – «Сценография»
білім беру бағдарламасы бойынша
өнертану ғылымдарының магистрі дәрежесін
алу үшін орындалған магистрлік диссертация
(ғылыми-педагогикалық бағыт)**

(қолы)

Магистрант
(тегі, аты-жөні)

(қолы)

Ғылыми жетекші
(тегі, аты-жөні)

Алматы, 20__ ж.

Мазмұн парағын рәсімдеу үлгісі

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР, АТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ.....	7
I	
1.1.....	9
1.2.....	21
1.3.....	32
II	
2.1.....	42
2.2.....	52
2.3.....	64
ҚОРЫТЫНДЫ.....	69
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	74
ҚОСЫМША.....	77

Пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу үлгісі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Үлгісі (библиографиялық мәліметтер шартты түрде алынды):

Кітаптар үшін: Авторлардың аттары мен тегі. Тақырып. – Қайта басылым туралы мәлімет.

Басылым орны: Баспа, шыққан жылы. – Бет саны. Мәселен: С. С. Мәуленова, С. Қ. Бекмолдин, Е. Қ. Құдайбергенов. – Экономикалық теория. – 1 бөлім. – А.: Экономика, 2013. – 194 б.

Журналдардағы мақала үшін: Авторлардың аттары мен тегі. Мақала атауы // Басылым атауы. (Серия). – Шыққан жылы. – Том. – Нөмірі. – Беті.

Мысалы: Еркінбеков Д. А., Садақбаева Ж. К., Маманов Е. А. және т.б. Метал өндірісіндегі фазааралық қатпардың құрылымы жайында // Қазақстан нанотехнологиялары. – 2009. – Т. 4. – No 5-6. – Б. 114-120.

Конференция мен жинақ еңбектерінің материалдары үшін және т.б.: Авторлардың фамилиялары мен аты жөні. Мақала атауы // Басылым атауы: Басылым түрі. – Орын, басылған жылы. – Том. – Нөмір. – Беттері.

Үлгісі: Төкенов Н. Б., Бекболатов Н. О., Рахметова С. А., Төмен қысымдағы жалында көміртекті наноқұрылымды сараптау // VI Халықаралық симпозиум: Көміртекті материалдардың физикасы мен химиясы / Наноинженерлік. – Алматы, 2010. – Б. 134-138.

Рефераттың мұқабала парағын рәсімдеу үлгісі (А5 форматында)

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы**

ӘӨЖ

Қолжазба құқығында

«Театр өнері» факультеті
«Сценография» кафедрасы

Айтказинов Диас Мирасұлы

ЗАМАНАУИ ҚОЙЫЛЫМДЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР

7М02193 «Сценграфия» білім беру бағдарламасы бойынша
өнертану ғылымдарының магистрі
дәрежесін алу үшін дайындалған
магистрлік диссертацияның
РЕФЕРАТЫ
(ғылыми-педагогикалық бағыт)

Ғылыми жетекші:
«Сценография» кафедрасының
доценті, өнертану кандидаты
Алимбетова К.С.

Алматы, 20__

Рецензияны рәсімдеу үлгісі

_____ білім беру бағдарламасы бойынша
«өнертану ғылымдарының магистрі» дәрежесін алу үшін орындалған
_____ «
(магистранттың аты-жөні)
_____» тақырыбындағы
магистрлік диссертациясына ресми сыртқы рецензенттің

СЫН ПІКІРІ

1 Тақырыптың өзектілігі және оның жалпығылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы (ғылым мен техниканың және өндірістің сұранысы).

2 Магистрлік диссертация талаптары деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

3 Диссертацияда магистрант келтірген ғылыми нәтиженің, тұжырым мен қорытындының дәйектігі және нақтылығы.

4 Диссертацияда магистрант келтірген ғылыми нәтиженің, тұжырым, қорытындының жаңалық деңгейі.

5 Диссертацияның негізгі тұжырымдарының, қорытынды, нәтижелерінің жариялануы туралы айғақтар.

6 Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуі бойынша кемшіліктер.

7 Диссертацияның қойылған талаптарға сәйкестігі.

8 Қорытынды.

Рецензент,
ғылыми атағы,
жұмыс орны

(қолы)

Аты-жөні

Ғылыми еңбектер тізімін рәсімдеу үлгісі

(магистранттың аты-жөні)

ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

№	Ғылыми мақаланың атауы	Жұмыс түрі	Баспа, журнал, атауы, нөмірі, жылы, беттері	Көлемі (б.т.)	Қосалқы авторлар
1	2	3	4	5	6
1	Фонд возмещения как источник обновления производственного аппарата предприятия	Статья	Материалы международной НПК «Место и роль кооперативного движения в свете новых социально-экономических тенденций», Астана, ЕНУ, 2001.-С.99-101	0,25	
2	Влияние амортизации на повышение эффективности производства	Статья	Сборник докладов участников международной НПК «Кооперативы и акционерные общества: развитие, преимущества и конкурентоспособность», Гомель, БТЭУПК, 2002.- С.119-123	0,25	
3	Воспроизводство основных средств в современных условиях	Статья	Материалы республиканской НПК «Актуальные проблемы теории национального воспроизводства», Алматы, КазНУ им.аль-Фараби, 2002.- С.145-148	0,25	

Кафедра меңгерушісі

(қолы)

тегі, аты-жөні

Ғылыми жетекші,
өнертану кандидаты,
доцент

(қолы)

тегі, аты-жөні

Магистрант

(қолы)

тегі, аты-жөні

Қорытынды жазу үлгісі

_____ білім беру бағдарламасы бойынша
«өнертану ғылымдарының магистрі» дәрежесін алу үшін орындалған

« _____
(магистранттың аты-жөні)

_____» тақырыбындағы
магистрлік диссертациясы жөніндегі эксперттік комиссия

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Құрамында _____ бар
эксперттік комиссия _____ білім беру
бағдарламасы бойынша «өнертану ғылымдарының магистрі» дәрежесін алу
үшін орындалған « _____
_____»

тақырыбындағы _____
(магистранттың аты-жөні)

магистрлік диссертациясын қарай отырып, төмендегідей қорытындыға келді:

1 Жұмыстың білім беру бағдарламасы және ғылым саласына сәйкестігі

2 Тақырыптың өзектілігі және оның жалпығылыми, жалпы мемлекеттік
бағдарламалармен байланысы (ғылым мен техниканың және өндірістің
сұранысы).

3 Диссертацияда магистрант келтірген ғылыми нәтиженің, тұжырым мен
қорытындының дәйектігі және нақтылығы.

4 Диссертацияда магистрант келтірген ғылыми нәтиженің, тұжырым,
қорытындының жаңалық деңгейі.

5 Теориялық немесе қолданбалы міндеттің тиісті өзекті мәселесін
шешудегі ішкі бірлікті және алынған нәтижелердің бағыттылығын бағалау.

6 Диссертацияның негізгі тұжырымдарының, қорытынды, нәтижелерінің
жариялануы туралы айғақтар.

7 Эксперттік комиссияның шешімі.

Эксперттік комиссия мүшелері:

1. Аты-жөні, ғылыми атағы _____
2. Аты-жөні, ғылыми атағы _____
3. Аты-жөні, ғылыми атағы _____

Пікірді рәсімдеу үлгісі

Айтказинов Диас Мирасұлының «7M02193-Сценография» білім беру бағдарламасы бойынша «өнертану ғылымдарының магистрі» дәрежесін алу үшін орындалған «Заманауи қойылымдық үдерістегі жаңа технологиялар» тақырыбындағы магистрлік диссертациясы бойынша ғылыми жетекші

ПІКІРІ

Магистранттың аты-жөні: _____
Факультет: _____
Білім беру бағдарламасы: _____

Ғылыми жетекші,
ф.ғ.д., профессор

Халыков К.З.